

# «STUDENT ENERGY CHALLENGE» ЗИЯТКЕРЛІК КОМАНДАЛЫҚ БАЙҚАУЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

## 1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Students Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауының (бұдан әрі - Байқау) қағидаларын және өткізу тәртібін белгілейді.

## 2. Ұйымдастырушылар

KAZENERGY» қауымдастығы және «Шелл Қазақстан» компаниясы

## 3. Мақсаты:

– Қазақстанның студенттік жастары арасында энергетикалық міндеттердің инновациялық шешімдерін дамытуды қолдау.

### Міндеттері:

- Қазақстан студенттерінің кәсіби және тұлғалық әлеуетін дамытуға жағдай жасау;
- Энергетиканың және оған байланысты мәселелердің маңыздылығын ауқымды түрде түсінуді көтермелеу;
- инженерлік ойлау мен шығармашылықты дамытуды қолдау;
- қатысушылар арасында байланыстарды нығайтуға, тәжірибе алмасуға және өзекті білім алуға жағдай жасау;
- индустрияның озық тәжірибесі мен техникалық дағдыларын қазақстандық студенттермен бөлісу.

**4. Энергетика мәселелерін шешуді әлеуетті түрде қамтамасыз ете алатын байқау жұмыстарының тақырыптары мен бағыттары \*:**

### 1. Энергия генерациясы

- a. Қалдықтардан энергия өндіру. Энергияны қалалық кәріз ағындарынан алу;
- b. Жеке пайдаланудың жел қондырғылары;
- c. Мұнай және газды өндірудің және тасымалдаудың инновациялық энергия үнемдеуші жүйелері.

### 2. Шоғырландырылған энергия

- a. Литий – Қазақстанның «ақ мұнайы»;
- b. Мұнай-газ саласы үшін альтернативті энергия көздері бар автономдық жылу энергетикасының кешендері;
- c. Гелиожүйелерді әзірлеу және пайдалану (күн радиациясының энергиясын басқа пайдалануға ыңғайлы энергия түрлеріне (мысалы, жылу немесе жылу арқылы электр) өзгерту.

### 3. Энергия беру

- a. Энергия берудің сымсыз технологиялары;
- b. Ақылды желілер, Смарт-Грид, Нет-Метеринг, Кванттық есептеулер;
- c. Электр энергиясын бөлу және мұнай-газ саласын автоматтандырудың технологиялық процестерін басқару үшін қазіргі заманғы жабдықты қолдану.

### 4. Энергияны тұтыну

- a. Болашақтың энергиялық тиімді ТКШ. Жылуды оқшаулағыш материал. Нөлдік шығарындылары бар тұрғын үй салу;
- b. Жабдықтың энергиялық тиімділігін және ұзақ мерзімділігін арттыру;
- c. Жасанды зият әдістерін қолдана отырып, мұнай-газ салаларында цифрлық және зияткерлік технологияларды қолдану.

*\* Ұсынылған тақырыптардың (a, b, c) ұсынымды сипаты бар және негізгі бағыттар шеңберінде өзгертілуі мүмкін.*

## **5. Байқауды өткізу кезеңдері**

*Бірінші кезең (сәуір – мамыр)*

1. 3-5 адамнан команда құру және **2018 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде** «KAZENERGY» қауымдастығының сайтына тіркелу қажет (*ссылка: [www.kazenergy.com](http://www.kazenergy.com)*).
2. Таңдалған тақырып тіркелу кезінде өзгертілу мүмкін және бейнетүйіндемені ұсынуға дейін нақтылауға болады.

*Екінші кезең (мамыр – маусым)*

1. Команданы тіркеу туралы растама алу.
2. «Жобалау командасында қалай жұмыс істеуге болады» вебинарына қатысу\*.
3. Ұйымдастырушыларға **2018 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде** бейнетүйіндемені ұсыну (№1 қосымшада келтірілген талаптарды есепке ала отырып).

*Үшінші кезең (шілде - қыркүйек)*

1. Іріктеу кезеңінен өтуі туралы растама алу.
2. «Тиімді презентация жасау» және «Назар аудару. Уақыт. Питч» вебинарларына қатысу\*.
3. Ұйымдастырушыларға **2018 жылғы 25 тамызға дейінгі мерзімде** №1 қосымшада келтірілген талаптарды есепке алып, белгіленген нысанда жоба паспортын (№2 қосымша) қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде ұсыну қажет.

*Төртінші кезең (қыркүйек-қазан)*

1. **2018 жылғы 20 қыркүйекке дейінгі мерзімде** толық жобалау ұсыныстарын, сөз сөйлеу тезистерін (презентация, макеттер немесе басқа нысанда) ұсыну қажет.
2. Астана қаласында **2018 жылғы 2 қазанда** қазылар алқасы алдында жобаны қорғауға қатысу (регламент 15 мин). Қорғау нәтижелері бойынша финалға сегіз команданың 3-уі өтеді.
3. Астана қаласында **2018 жылғы 3 қазанда** қазылар алқасы алдында elevator-pitch стилінде жобаны қорғауға қатысу (регламент 3 мин.).
4. Астана қаласында **2018 жылғы 4-5 қазанда** барлық сегіз командаға арналған «Ойлаудың жаңа технологиялары» NXplorers екі күндік тренингіне қатысу.

## **6. Жобаларды бағалау тәртібі**

Байқаудың бейнетүйіндемелерін қарау және бағалауды ұйымдастырушы компаниялардың өкілдері қатарынан құрылған іріктеу комиссиясының мүшелері жүргізетін болады. Іріктеу комиссиясы 2018 жылғы 10 шілдеге дейін әр командаға толтырылған, белгіленген нысандағы (№3 қосымша) бағалау парақшалары негізінде қорытынды кезеңге 8 команданы іріктеуді жүргізеді. Осы командалар тізімі ұйымдастырушылардың ресми сайттарына орналастырылады.

8 команданың ішінен 3 ең үздік команданы іріктеу мақсатында қазылар алқасы құрылады, оның құрамына ұйымдастырушылар өкілдері, мемлекеттік органдар мен Қауымдастыққа мүше мемлекеттердің өкілдері кіруі мүмкін. Командалар қазылар алқасы алдында жобаны қорғауға шақырылады. Қазылар алқасы белгіленген нысандағы (№4 қосымша) бағалау парақшалары негізінде командалары жұмыстарын қарайды және жеңімпаздарды айқындайды.

\* *Әрбір вебинарға барлық команданың қатысуы үшін 1 балл беріледі*

\*\* *Ұйымдастырушы компаниялар байқауға қатысушылардың авторлық құқық объектісі болып табылатын жобаларды пайдаланғаны үшін жауап бермейді.*

## **7. Жеңімпаздарды марапаттау**

Жеңімпаз командалар Бүкілдүниежүзілік мұнай конгресінің Жастар конференциясы шеңберінде Астана қаласында 2018 жылғы 3 қазанда жарияланатын болады және «Шелл Қазақстан» компаниясының өкілдері марапаттайды. Байқау аяқталған соң сегіз команданың барлық мүшелері үшін «Ойлаудың жаңа технологиялары» NXplorers тренингі өткізілетін болады.

### **Жүлде қоры**

- 1-орын – 10 000 АҚШ доллары (эквивалент салықты есепке алғанда теңгеде)
- 2-орын – 5000 АҚШ доллары (эквивалент салықты есепке алғанда теңгеде)
- 3-орын – 3000 АҚШ доллары (эквивалент салықты есепке алғанда теңгеде).

## **8. Барлық сегіз командаға арналған тренинг**

«Ойлаудың жаңа технологиялары» NXplorers бағдарламасы ақиқат әлемнің проблемаларын ынтымақтастық рухында және инновациялық және тәртіпаралық тәсілдерді пайдалана отырып шешу үшін жастарға мүмкіндік береді және оларды құралдармен, әдістемелермен және дағдылармен қаруландырады.

NXplorers – бұл өзгеріс жаққа қарай қозғалыс және кешенді міндеттерді шешу әдісі:

- Жүйелеп ойлау – ЗЕРДЕЛЕУ
- Сценариялық жоспарлау – ҚҰРУ
- Өзгерту теориясы – ӨЗГЕРТУ

Негізгі сапаларды дамытуды ынталандыру:

- Көшбасшылық мінез-құлық және студенттерге барынша кең мүмкіндіктер беру
- Жаһандық есті басшылық және Астана Бизнес Кампус базасында агенттер ретіндегі қызмет

Тренинг Астана қаласында 2018 жылғы 4-5 қазанда өтеді. Аяқталуы бойынша сертификаттар беріледі. Барынша толық ақпарат мына сілтеме бойынша: [www.nxplorers.com](http://www.nxplorers.com)

## Командаларға қойылатын талаптар

1. Байқауға 18-29 жастағы қазақстандық ЖОО студенттік командаларына ғана рұқсат беріледі (бакалавриат және магистратура). Бір ЖОО-дан бірнеше команда қатыса алады.
2. «Student Energy Challenge» байқауында 2017 жылы жүлделі орынға ие болған командалар ұқсас тақырыптармен немесе әзірлемелермен қатыстырылмайды.
3. Команда 3-5 студенттен тұру қажет (әртүрлі мамандықтарға, курстарға, ЖОО-ға рұқсат беріледі).
4. Командалар гендерлік теңгерімге ұмтылу ұсынылады және команданы қалыптастыру кезінде команда екі де жыныстың өкілдерінен тұру қажет.
5. Команда капитаны конкурстық қағидалар шегінде өз командасының барлық мүшелері үшін жауап береді (өз әрекеттері үшін ұйымдастырушылар алдындағы жауапкершілігі) және байқаудың барлық кезеңдеріне және оқыту іс-шараларына барлық команданың қатысуына кепілдік береді.
6. Байқау кезінде команда капитанына жеткізілген барлық ақпараттық хабарламалар барлық командаға жеткізілді деп саналады.
7. Командалар өз жобаларын ақпараттық жария ету шеңберінде жобаның екі ұйымдастырушысын («Шелл Қазақстан» компаниясы және «KAZENERGY» қауымдастығы) тең дәрежеде хабардар етуге міндеттенеді.
8. Командалар бейне және презентациялық материалдарында ұйымдастырушылар логотиптерін пайдалану жағдайында ұйымдастырушылар брендтерін пайдалану талаптарын сақтау қажет.
9. Ұйымдастырушылар тарапы байқаудың соңғы төртінші кезеңін өткізу кезінде Астана қаласына жол жүру, тұру шығындарын өтейді.

## Бейнетүйіндемені ұсыну бойынша талаптар

Бейнетүйіндеме – команда туралы қысқаша презентациялық бейнеролик (ұзақтығы 4 минутқа дейін) және жобаның қысқаша сипаттамасы. Еркін нысанда жазықтық рұқсат етілуде кез келген қолжетімді қондырғымен жазылады. Бейнетүйіндеме байқаулық іріктеудің бірінші кезеңі болып табылады. Креативті бейнетүйіндеме команданың келесі байқау кезеңіне өтуіне кепілдік береді. Монтаждауға рұқсат беріледі. Команда қатысушылары бейнетүйіндеме мына мәселелерді жариялау қажет:

- Байқауға не үшін қатысқыңыз келеді?
- Сіздің жобаңыздың мақсаттары. Оларға қалайша қол жеткізесіз?
- Ұсынылған тақырыптардың ішінен осы бағытты неге таңдадыңыз? Өз таңдауыңызды негіздеңіз. Таңдалған бағыттағы өз жетістіктеріңіз туралы айтып беріңіз.
- Әр қатысушы, әуестенушіліктері мен жетістіктері туралы айтып беріңіз.
- Не үшін командаңызды басқалардан ең үздік деп санайсыз?
- Байқауға қатысудан сіз не күтесіз?

## Жобаларды ресімдеуге қойылатын талаптар

1. Тілі – қазақ, орыс, ағылшын.
2. Жалпы көлемі – А4 пішімдегі 20 параққа дейін.
3. Жоба қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде Microsoft Word пішімінде электронды түрде ұсынылады, шрифт Times New Roman, өлшемі – 14, абзацтық бос орын – 1,25 см, жоларалық интервал – 1, ені бойынша түзету. Құжат шеті: сол – 3 см, оң – 1,5 см, үстіңгі және төменгі – 2 см. мәтін ауыстырусыз. Парақты нөмірлеу – парақ астында, ортасында.
4. Құжат атауын ресімдеу – барлық жол жартылай қою шрифтпен. Бірінші жолда (түзету оң жағы бойынша) команда атауы көрсетіледі. Екінші жолда: жоғары оқу орының атауы. Үшінші жолда: жоба бағытының тақырыбы.
5. Бар болған жағдайда енгізілген жоба кезеңдері туралы қосымша құжаттар, сызбалар, схемалар, суреттер, графиктер, ұсыным хаттар және т.б.

*Байқауды іске асыру барысында ұйымдастырушылар жоба паспортына кішігірім өзгерістер енгізуі мүмкін, бұл жөнінде қатысушыларға алдын ала ескертілетін болады.*

## ЖОБА ПАСПОРТЫ

1. Жоба атауы \_\_\_\_\_
2. Жоба өзектілігі \_\_\_\_\_
3. Экологиялық негіздеме \_\_\_\_\_
4. Экономикалық негіздеме \_\_\_\_\_

### **Сіздің жобаныз:**

- Сіздің жобаңыздың тақырыбы мен бағыты?
- Жоба атауы (50 сөзден артық емес).
- Жобаның жалпы көлемі А4 пішімдегі 20 парақтан аспауы қажет:
  - Жобаның қысқаша сипаттамасы (1000 сөзден артық емес).
  - Сіздің жобаңыз қандай проблеманы шешеді?
  - Күтілетін нәтиже қандай/сіздің жобаңыздың пайдасы неде? (1000 сөзден артық емес)
  - Соңғы нәтиже қандай (жоба/шешім/технология және т.б.)?
  - Сіздің жобаңыз/шешіміңіз/технологияңыз нарықтағы бос орындарды қалай толтырады?
- Сіздің жобаныз қандай да бір байқауларға қатысуға ұсынылған ба еді? Егер ұсынылса, қандай? Қандай нәтиже болды?
- Сіздің жобаңыз бойынша нарыққа қандай да бір зерттеу жүргізілді ме? Егер жүргізілсе, сипаттап беріңіз (600 сөзден артық емес).
- Сіздің жобаңызды үшінші тарап қарады ма? Қараған болса, кім қарады?
- Егер бар болатын жағдайда қажетті қолдаушы құжаттаманы ұсынуды сұраймыз (А4 пішімдегі 5 парақтан артық емес).
- Сіздің жобаңыздың нарығын/тұтынушы тобын айқындауды сұраймыз.

### **Сіздің команданыз**

- ЖОО атауы.
- Команда атауы.
- Команда капитанының байланыс деректерін көрсетіңіз – email, телефон, электронды мекенжай.
- Команданың әр мүшесінің қысқаша өмірбаянын, біліктілігін, академиялық деректерін және командағы рөлін қоса отырып баяндап беріңіз (әр өмірбаянға 150 сөзден артық емес).

Байқау үшін әзірленген кез келген жобалар/шешімдер/технологиялар немесе кез келген басқа зияткерлік меншік автордық меншігінде қалатындығына назар аударыңыз.

Команда капитаны \_\_\_\_\_  
(ТАӘ, қолы)



**«STUDENT ENERGY CHALLENGE» БАЙҚАУЫ КОМАНДАЛАРЫНЫҢ БЕЙНЕТҮЙІНДЕМЕСІНЕ БАҒАЛАУ ПАРАҒЫ**

№	Бейнетүйіндемені ұсыну критерийі	Балл
1	Байқауға қатысу себебі	10
2	Жоба мақсаты және оған қолжеткізу жолдары	25
3	Байқау тақырыбын таңдау негіздемесі, тандалған жетістіктердегі қолжетімділік туралы айту	25
4	Команданың әр қатысушысын таныстыру	15
5	Команданың бәсекеге қабілеттілігінің негіздемесі	10
6	Байқауға қатысудан күтілетін нәтижелер	15

**ҚОРЫТЫНДЫ**

**100**

	90-100%	70-91%	45-69%	до 44%
Макс балл-10	9-10	7-9,1	4,5-6,9	0-4,4
Макс балл-15	13,5-15	10,7-13,7	6,7-10,3	0-6,6
Макс балл-25	22,5-25	17,5-22,7	11,3-17,3	0-11

Ескертпе:

- 1) 90-100% - өте жақсы
- 2) 70-91% - жақсы
- 3) 45-69% - қанағаттанарлық
- 4) до 44% - қанағаттанарлықсыз

№	Команда атауы	Оқу орын атауы	Байқауға қатысу себептері мен одан күтілетін нәтижелер		Жоба мақсаты және оған қол жеткізу жолдары		Байқау тақырыбын таңдау негіздемесі, таңдалған бағытта қол жеткізілген жетістіктер туралы айту		Команданың әр қатысушысын таныстыру		Команданың бәсекеге қабілеттілігінің негіздемесі		Байқауға қатысудан күтілетін нәтижелер		ҚОРЫТЫНДЫ	
			Макс.балл -10 балл		Макс. балл -25 балл		Макс. балл - 25 балл		Макс. балл -15 балл		Макс. балл -10 балл		Макс. балл -15 балл		Жалпы рейтинг	Балдардың қорытынды сомасы
			Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны	Рейтинг	Балл саны		
1																
2																
3																
4																
5																
6																
7																
8																



## «Student Energy Challenge» зияткерлік командалық байқауының бағалау парағы

Қазылар алқасының ТАӘ \_\_\_\_\_

Күні \_\_\_\_\_

Қолы \_\_\_\_\_

Бағалардың 10 балдық шкаласы

9-10 (өте жақсы)

6-8 (жақсы)

4-5 (қанағаттанарлық)

1-3 (қанағаттанарлықсыз)

### 1-кесте

Командалар жобаларының паспорттарына критерийлер (шорт-параққа кіргендер)								
№	Команда атауы (ЖОО)	Жоба тақырыбы	Экологиялық негіздеме	Экономикалық негіздеме	Ұлттық және/немесе жаһандық	Жұмыс схемасы/жобаны	Соңғы нәтиже/тиімділік	Қорытынды баға (50 балдан артық емес)

					энергетикалық проблемалар мен байланысты мәселені шешудегі жобаның маңыздылығы	іске асыру кезеңдері		
					Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл		
1								
2								
3								
4								
5								
6								
7								

8									
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--

2 –кесте

Жобаларды қорғау кезінде бағалау критерийлері										
№	Команда атауы (ЖОО)	Жоба тақырыбы	Жоба мақсатының, міндеттерінің және практикалық маңыздылығының негіздемесіндегі нақтылық	Жобаны техникалық, экономикалық тұрғыдан іске асырудың және ғылымның, техниканың және өндіріс технологиясының қазіргі заманғы жай-күйі сәйкестігінің негіздемесі	Тақырыптың сендірушілігі/түсініктігі және иеленуі және жобалық шешімді нақты баяндау	Күтілетін нәтиженің негіздемесі	Қазылар алқасы сұрақтарына жауап бере алу (материалды білуін көрсету)	Жұмыста көрнекі құралдарды пайдалану (макеттер/үлгілер/схемалар және т.б.)	Вебинарларға қатысу үшін	Қорытынды баға (макс. 63 балл)
			Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -10 балл	Макс.балл -3 балл
1										
2										

3										
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

### 3-кесте

Elevator pitch стилінде қорғауға бағалау критерийлері						
№	Команда атауы (ЖОО)	Жоба тақырыбы	Жоба мазмұнының ұсыну түсініктілігі/нақтылығы (тереңдігі, кендігі, нақтылығы)	Жоба бойынша қорытындыларды және күтілетін нәтижелерді аргументтей білу	Сендіре білу/тақырыпты білу және сөз сөйлеу ашықтығы (сөз сөйлеу, аудиториямен байланыс орнату, уақытты сезіне білу)	Қорытынды баға (макс. 60 балл)
			Макс.балл -20 балл	Макс.балл -20 балл	Макс.балл -20 балл	
1						
2						

#### Қазылар алқасына ұсынымдар

- Жоғарыдағы критерийлерге қосымша ретінде қазылар алқасы команданың жазбаша жұмыстарының алдын ала жіберілген «Student Energy Challenge» байқауы паспортының талаптарына сәйкестігін бағалау қажет (1-кестеге сәйкес бағалау парақтарын толтырып);
- Қазылар алқасы «KAZENERGY» қауымдастығына толтырылған бағалау парақтарын ұсыну қажет, одан кейін қазылар алқасының барлық мүшелерінің нәтижелері бойынша жиынтық бағалау парағы жасалады, оны байқаудың қорытынды кезеңінде басшылыққа алатын болады;
- Қазылар алқасына финалистерді айқындау жоспарындағы негізгі назарын жазбаша жұмыстарға аударған жөн;
- Егер бірнеше командада бірдей балл болатын болса, қазылар алқасы бірлесіп, бір шешімге келуі тиіс. Бірдей шешімге келе алмаған жағдайда қазылар алқасының мүшелері таңдаған төрағаның соңғы шешімді қабылдауға құқығы бар;
- 1,2,3-жүлделі орындарды айқындау үшін үш команданың жазбаша жұмыстарының нәтижелеріне, содан кейін презентацияны қорғау нәтижелеріне байқаудың негізгі кезеңдері ретінде көңіл бөлген жөн. Вебинарларға қатысқаны үшін командалардың жалпы балдарына балл қосылады.